



Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 477 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1089 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1089 (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

3 1

м а м ы р д а ғ ы

N

4 7 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Мыналар аккредиттеуге жатады:

республикалық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің одағы (қауымдастығы), шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестік, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық салалық бірлестіктері;

облыстық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілері республикалық бірлестіктерінің филиалдары, облыстық бірлестіктер, шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестіктердің филиалдары, облыстық бірлестіктер;

қалалық, аудандық деңгейлерде - жеке кәсіпкерлік субъектілері республикалық бірлестіктерінің филиалдары, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктер, шағын кәсіпкерлік жөніндегі бірлестіктердің республикалық филиалдары, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктер.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

4. Егер аккредиттеуге бір әкімшілік-аумақтық бірлестікті, қызметтің бір саласын білдіретін екі немесе одан да көп коммерциялық емес ұйым үміткер болған жағдайда, онда азаматтардың көп санын біріктіретін коммерциялық емес ұйым аккредиттеуге жатады.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін (бұдан әрі - бірлестіктер) аккредиттеуді орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Мемлекеттік орган аккредиттеуді жүзеге асырудың мерзімі мен шарттары туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі хабарландыру жарияланғаннан кейін, жыл сайын аккредиттеуді жүзеге асырады.

Аккредиттеуді республикалық деңгейде жүзеге асыру кезінде хабарландыру Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында не мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады. Аккредиттеуді облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде жүзеге асыру туралы хабарландыру тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында жарияланады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 31.12.2013 N 1524 қаулыларымен.

7. Аккредиттеуді объективті және білікті түрде жүзеге асыру мақсатында әрбір мемлекеттік органда аккредиттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады. Комиссияның құрамы және ол туралы ереже мемлекеттік орган

басшысының шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Аккредиттеу жүргізудің тәртібі

8. Аккредиттеу алу үшін өтініш беруші мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтініш;
- 2) салыстыру үшін түпнұсқаны ұсынбаған жағдайда құрылтай құжаттарының және бірлестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

*Ескертпе: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

- 3) бірлестік мүшелерінің тізімі;
- 4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.
- 5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 31.12.2013 N 1524 қаулыларымен.

9. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) комиссияның аккредиттеу материалдарын қарауы;
- 2) мемлекеттік органның аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы;
- 3) аккредиттеу туралы куәлікті немесе негіздеумен аккредиттеуден бас тарту туралы жазбаша хабарламаны беру.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Құжаттарды қарау комиссияның мәжілістерінде жүзеге асырылады.

Комиссия мыналарға:

- 1) бірлестікті аккредиттеуді;
- 2) бірлестікті аккредиттеуден бас тартуды;
- 3) аккредиттеу туралы куәліктің күшін тоқтата тұруды немесе тоқтатуды

ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Мемлекеттік орган комиссияның ұсынымы негізінде аккредиттеу туралы куәлікті беру туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді қ а б ы л д а й д ы .

Аккредиттеу туралы куәлік немесе себебін негіздеумен аккредиттеуден бас тарту туралы жазбаша хабарлама мемлекеттік орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірлестікке беріледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

12. Құжаттарды қарау және аккредиттеу туралы куәлікті беру туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған сәттен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

1 3 . Е г е р :

1) берілген құжаттар осы Ереженің 8-тармағының талаптарына сәйкес к е л м е г е н ;

2) бірлестік өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асырмаған;

3) ұсынылған құжаттарда сенімсіз немесе толық емес мәліметтер болған жағдайда аккредиттеуден бас тартылуы мүмкін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

14. Аккредиттеу туралы куәлік осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 жыл мерзімге беріледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

15. Аккредиттеу туралы куәлік иеліктен шығарылмайды және басқа заңды тұлғаларға берілмейді.

16. Аккредиттеу туралы куәлікті жоғалтқан кезде бірлестік тиісті өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде куәлікті берген мемлекеттік органнан оның телнұсқасын ала алады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3. Тақырыбы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

17. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын мемлекеттік орган аккредиттеуге ұсынылған құжаттарда сенімсіз немесе бұрмаланған деректер анықталған жағдайда тоқтата тұрады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

18. Куәліктің қолданылуының тоқтатыла тұруына әкеп соққан бұзушылықтар жойылған кезде мемлекеттік орган комиссияның оң шешімі негізінде оның қолданылуын жаңғыртады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

19. Аккредиттеу туралы куәлік өз қолданылуын мынадай:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2) куәліктің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтар бір айдың ішінде жойылмаған;

3) аккредиттелген бірлестік қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

4) бірлестік куәліктің қолданылуын ерікті тоқтату туралы өтініш берген;

5) оның қолданылу мерзімі өткен жағдайда тоқтатады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

20. Комиссия аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтату мәселелерін он жұмыс күні ішінде қарайды.

21. Мемлекеттік орган бірлестікті аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы бес жұмыс күні ішінде (мемлекеттік орган жолсыздықты тапқан сәттен бастап) хабардар етеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің
бірлестіктеріне аккредиттеу
жүргізу ережесіне

N 1 қосымша

Кімге _____
(орталық мемлекеттік және

жергілікті атқарушы орган басшысы-

ның лауазымы, Т.А.Ә.)
Кімнен _____
(бірлестік басшысының

_____ лауазымы Т.А.Ә.)

Д е р е к т е м е л е р :

_____ (занды мекен-жайы, байланыс телефоны)

Өтініш

_____ (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органының атауы)

жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қызметі шеңберінде жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларына сараптама жүргізу құқығын тану үшін _____

_____ (бірлестіктің атауы)

аккредиттеуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілді:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

М.О. _____

(қолы) _____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

" ____ " _____ 200__ жыл

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің
бірлестіктеріне аккредиттеу
жүргізу ережесіне

№ 2 қосымша

Е л т а ң б а

_____ (бірлестіктің атауы)

аккредиттеу туралы

КУӘЛІК

_____ (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органының атауы)

_____ (бірлестіктің атауы)

(орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органының атауы)
жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің
қызметі шеңберінде _____

(бірлестіктің атауы)

жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық
кесімдердің жобаларына сараптама жүргізу құқығын мойындайды.

(200 жылғы "___" _____ N ___ бұйрық)

Куәлік 200 жылғы "___" _____ дейін жарамды

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органының басшысы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

С е р и я с ы :

Берілген күні: